

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕ АҚ ҚР ғылым және жоғары білім министрлігі	Сапа менеджменті жүйесі Академиялық адалдық қағидалары	СМЖ ОҚУ К 7.20-2022 Нұсқа 02
---	--	---------------------------------



САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

«М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ

АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ

СМЖ ОҚУ К 7.20-2022

Тіркеу № 122
Көшірме № _____

<p>Әзірлеген:</p> <p>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің жетекшісі</p> <p><u>Р. Дулатова</u> « 5 » 10 2022ж</p>	<p>Келісілді:</p> <p>Бірінші проректор <u>К. Нұрманбетов</u> « 07 » 10 2022ж</p> <p>Әкімшілік департаментінің директоры <u>М. Чингизбаев</u> « 06 » 10 2022ж</p> <p>СЖ ж/е СМО басшысы <u>С. Джунусбекова</u> « 06 » 10 2022ж.</p> <p>Заң бөлімінің басшысы <u>А. Сартаев</u> « 05 » 10 2022ж.</p>	<p>Енгізілді:</p> <p>№ <u>212</u> бұйрық</p> <p>Енгізілген күні « 10 » 10 2022ж.</p>
---	--	--

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕ АҚ ҚР ғылым және жоғары білім министрлігі	Сапа менеджменті жүйесі Академиялық адалдық қағидалары	СМЖ ОҚУ К 7.20-2022 Нұсқа 02 15 беттің 2 беті
---	--	--

Мазмұны

1 Қолдану саласы.....	3
2 Нормативті сілтемелер.....	3
3 Терминдер мен анықтамалар.....	3
4 Белгілер мен қысқартулар.....	4
5 Жалпы ережелер.....	4
6. Академиялық адалдық қағидалары.....	5
7. Білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері.....	5
8. Академиялық адалдықты бұзушылық түрлері.....	8
9. Процедуралар.....	9
10. Академиялық адалдыққа жат теріс қылық үшін қолданылатын тәртіптік жаза түрлері.....	11
11. Жауапкершілік	11
Қосымша А. М.Әуезов атындағы ОҚУ білім алушысының Академиялық адалдық кодексі	12
Қосымша Б. Білім алушылардың тест, ауызша, жазбаша, шығармашылық емтихандағы жүріс-тұрыс Қағидалары	13
Қосымша В. Академиялық адалдық қағидасын бұзу туралы Акт	15

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ ҚР ғылым және жоғары білім министрлігі	Сапа менеджменті жүйесі Академиялық адалдық қағидалары	СМЖ ОҚУ К 7.20-2022 Нұсқа 02 15 беттің 3 беті
--	--	---

1. Қолдану саласы

Бұл Ережелер тек академиялық қызметке қатысты қолданылады. Кейбір жағдайларда білім алушылардың академиялық, сонымен бірге академиялық емес сипаттағы өзге ережелерді бұзуымен байланысты сұрақтары қарастырылуы мүмкін. Мұндай жағдайда білім алушыларға осы ережелердің, Әдеп кодексінің және университеттің өзге де ішкі ережелерінің нормалары қолданылады.

2 Нормативті сілтемелер

ҚР Б ж/е ҒМ-нің Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы ашықтықты және айқындықты қамтамасыз ету жөніндегі жемқорлыққа қарсы стандарты, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында академиялық адалдық қағидаттарын енгізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулық, М.Әуезов атындағы ОҚУ Академиялық саясаты, М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты, Әдеп кодексі.

3. Терминдер мен анықтамалар

Академиялық адалдық – жұмыскерлер мен білім алушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарын, бағаланатын ауызша, шығармашылық, жазбаша жұмыстарды (бақылау, курстық, эссе, дипломдық, диссертациялық) адал, әдепті орындауы;

Білім беру процесінің қатысушылары – білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы, әкімшілік-басқарушылық және оқу-қосалқы құрамы;

Парасаттылық - білім беру процессіне қатысушылардың және білім беру мекемелерінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен көріністерін болдырмайтын, кәсіптік ортаны қалыптастыратын және нығайтатын, оларға осындай мінез-құлықты ұстануға мүмкіндік беретін құндылықтар мен қағидаттарға сәйкес әрекет етуге тұрақты міндеттемесі.

Плагиат - басқаның еңбегінің, академиялық, ғылыми, зерттеу, публицистикалық және талдау қызметінің нәтижелерін қасақана немесе абайсызда, толық немесе ішінара заңсыз пайдалану, иемдену немесе қорғалатын нәтижелерімен иелік ету, ол басқа адамдарға нағыз автор ретінде өзі туралы жалған мәліметтерді енгізу;

Көшіру - білім алушының немесе қызметкердің өзгенің зияткерлік өнімін көшіруді білдіретін теріс пиғылды мінез-құлқы;

Қайталау- білім алушы оның авторы болып табылса да, ПОҚ -ның алдын ала рұқсатынсыз басқа курста бұрын бағаланған кез келген жұмысты өзінің жеке,

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ ҚР ғылым және жоғары білім министрлігі	Сапа менеджменті жүйесі Академиялық адалдық қағидалары	СМЖ ОҚУ К 7.20-2022 Нұсқа 02 15 беттің 4 беті
--	--	--

ішінара немесе толық жұмысы ретінде ұсыну әрекетін қоса алғанда, әртүрлі бағалау және талаптар шеңберіндегі бір жұмысты таныстыру;

Бұрмалау - академиялық жазбаларды немесе басқа да құжаттарды, деректерді (ғылыми эксперимент кезіндегі бақылауларды, жазбаларды, сауалнама нәтижелерін қолдан жасауды), академиялық жұмыстағы қолдарды, академиялық жұмысты әдейі қолдан жасау немесе бүлдіру;

Жасыру - академиялық өнімде жалған мәліметтер беру, зерттеулермен эксперименттердің деректері мен нәтижелерін ауыстыру; зерттеу барысында алынған жалған ақпарат беру;

Сөз байласу - басқа білім алушы үшін тексеруге және бағалауға жататын кез келген академиялық жұмысты орындау.

Бағаланатын жұмыс:

- білім алушының, ағымдық бағалауды өткізу барысында, оқытудың белгілі бір кезеңі аралығындағы оның оқу жетістіктерін бағалау үшін орындаған жұмысы немесе тапсырмасы (ауызша сұрау, жазбаша жұмыс, эссе, далалық жұмыстар, лабораториялық жұмыстар, практикалық жұмыстар, өзіндік жұмыстар, зерттеу жұмыстары, жоба және т.б.);

- білім алушының біліміне қорытынды баға беру мақсатында, білім алушының оқу семестрі барысында орындаған жұмысы (бақылау, жазбаша жұмыстар, тесттер, сынақтар, зерттеу жұмыстары, жоба, дипломдық жұмыс және т.б.) ;

4. Белгілер мен қысқартулар

ҚР- Қазақстан Республикасы

КЕАҚ – коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ОҚУ – Оңтүстік Қазақстан университеті

ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы

ӘБҚ – әкімшілік-басқарушылық құрамы

5. Жалпы ережелер

1. Осы Қағиданың мақсаты – академиялық процестегі адалдық пен ашықтықты қамтамасыз ету, университет жұмыскерлері мен білім алушыларының адалдық, өз еңбегі мен өзге адамдар еңбегінің нәтижесіне құрмет және сыйластық қатынас туралы түсінігін қалыптастыру, ашық, шынайы және сенімді қатынас орнату.

2. Университет Академиялық адалдық лигасының мүшесі ретінде академиялық адалдық қағидаларын ілгерілетеді. Академиялық адалдыққа жат әрекеттің кез-келген көрінісі университет құндылықтары жүйесіне қайшы келеді. Академиялық адалдық ережелері нормаларын бұзған жұмыскерлер мен білім алушыларға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ ҚР ғылым және жоғары білім министрлігі	Сапа менеджменті жүйесі Академиялық адалдық қағидалары	СМЖ ОҚУ К 7.20-2022 Нұсқа 02 15 беттің 5 беті
--	--	--

3. Жоғары мектептер/ факультеттер декандары мен тәлімгерлері білім алушыларды осы Қағидамен келесі жағдайларда таныстыруға міндетті:

- білім алушыны қабылдау туралы бұйрық шыққаннан кейін білім алушының қолын қойдыра отырып;
- тәлімгерлік сағаттарда.

4. Бұл Қағида М.Әуезов атындағы ОҚУ Басқарма мүшелері, жұмыскерлері, білім алушылары мен олардың заңды өкілдері үшін орындалуы міндетті.

Академиялық адалдық талаптарының сақталуына бақылау жүргізуші субъектілері:

Оқытушы-профессорлар құрамы, кафедралар меңгерушілері, факультеттер/ жоғары мектеп деканаттары, Тіркеу кеңсесі, Цифрландыру департаменті, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет, өз күзiреттілігі шеңберінде барлық ұйымдық құрылымдар жетекшілері.

Академиялық адалдық ережелері нормаларын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілік әдеп бойынша Кеңесте қаралады.

6. Академиялық адалдық қағидалары

Академиялық адалдықтың негізгі қағидалары болып табылады:

- **адалдық** - білім алушылардың оқу жұмысының бағаланатын және бағаланбайтын түрлерін адал, әдепті орындау;
- **автордың және оның мирасқорларының құқықтарын қорғауын жүзеге асыру** - бөгде сөзді, ойды дұрыс тарату және бағаланатын жұмыстардағы ақпараттың дереккөздерін көрсету арқылы авторлықты растау және авторлық құқықтың объектісі болып табылатын шығармаларды қорғау;
- **ашықтық** - айқындық, өзара сенім білдіру, білім алышулар мен оқытушылар арасында ақпаратпен және идеялармен ашық бөлісу;
- **білім алушылардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу** - пікірлер мен идеялардың бос айтылу құқығы;
- **теңдік** - әрбір білім алушы академиялық адалдық қағидаларын ұстануды және оларды бұзу үшін тең жауапкершілікті қамтамасыз етеді.

7. Білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

7.1. Білім алушылардың құқығы

Білім алушылардың келесідей құқығы бар:

- оқу процесінде өз ойын еркін жеткізуге, ғылыми және оқу ақпараттары мен идеяларын алу-тарату еркіндігіне;
- Академиялық адалдық қағидаларын бұзғаны үшін негізсіз айыпталудан барлық заңды тәсілдермен қорғануға;

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ ҚР ғылым және жоғары білім министрлігі	Сапа менеджменті жүйесі Академиялық адалдық қағидалары	СМЖ ОҚУ К 7.20-2022 Нұсқа 02 15 беттің 6 беті
--	--	--

• Академиялық мәселелер бойынша университет басшылығына, Әдеп жөніндегі уәкілге және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке еркін жүгінуге, кеңес алуға және т.б.

7.2. Білім алушылардың міндеті

Білім алушылар міндетті:

- аудиториялық сабақтарға тұрақты қатысуға;
- өзіндік жұмыстар мен академиялық процесте бағаланатын кез-келген тапсырма түрін адал, уақытылы және сапалы орындауға және тапсыруға;
- өзгенің интеллектуалдық меншігін пайдалануға қатысты негізгі қағидаларды сақтауға және құрметтеуге;
- ынтымақтастық пен сөз байласудың айырмашылығын түсінуге және сөз байласу нәтижесінде алынған жұмысты ұсынбауға;
- өзгелер туындыларынан үзінділер қолдану кезінде өзгенің ойын жеткізудің дәйексөз сияқты түрін қолдануға;
- ақпараттың нақтыланған және сенімді қайнар көздерін қолдануға;
- өзге білім алушыларға өзі дайындаған, орындаған жазбаша (шығармашылық) жұмыстарды ұсынбауға;
- емтихан, сынақ, қорытынды аттестаттау, практика есебін тапсыру, т.б. бағалау процесінде шпоргалка, құлаққап, ұялы телефон, өзге де электронды құралдар мен технологияларды, тыйым салынған заттарды қолданбауға;
- академиялық процестегі туындаған мәселелерді шешуде университет жұмыскерлеріне, өзге де тұлғаларға, өзге білім алушыларға жүгінбеуге;
- өзі немесе өзге тұлғалар көмегімен құжаттарды, порталдағы мәліметті бұрмалауға жол бермеуге, мәліметтерді өзгертпеуге, заңсыз жазбалар енгізбеуге;
- емтихан, сынақ, қорытынды аттестаттау, практика есебін тапсыру, т.б. бағалау процесінде өзге білім алушыны алмастырмауға;
- жазбаша жұмыстардың түпнұсқалылығын тексеру барысында жалған мәліметтер ұсынбауға.

7.3. ПОҚ және өзге де жұмыскерлердің құқысы

ПОҚ және өзге де жұмыскерлер құқылы:

- білім алушылардан осы Ереженің 7.2 бөлімінде бекітілген міндеттерді орындауын талап етуге;
- білім беру процесіне қатысушылардан академиялық адалдықтың негізгі қағидаларын сақтауды талап етуге;
- оқыту процесінде өз ойын еркін жеткізуге, ғылыми және оқу ақпараттары мен идеяларын алу-тарату еркіндігіне;
- білім алушы дайындаған ауызша, шығармашылық және жазбаша

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ ҚР ғылым және жоғары білім министрлігі	Сапа менеджменті жүйесі Академиялық адалдық қағидалары	СМЖ ОҚУ К 7.20-2022 Нұсқа 02 15 беттің 7 беті
--	--	--

жұмыстарды (өзіндік жұмыс, курстық жұмыс, практика есебі, дипломдық жұмыс/жоба, магистрлік және докторлық диссертациялар, жариялауға ұсынылған ғылыми мақалалар) бағалауға;

- академиялық адалдық қағидаларын бұзғаны үшін негізсіз айыпталудан барлық заңды тәсілдермен қорғануға;
- академиялық мәселелер бойынша университет басшылығына, Әдеп жөніндегі уәкілге және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке еркін жүгінуге, кеңес алуға және т.б.

7.4. ПОҚ және өзге де жұмыскерлердің міндеті

ПОҚ және өзге де жұмыскерлер міндетті:

- білім алушыларды нақты және сенімді қайнар көздерді таңдауға үйретуге, қолдау көрсетуге;
- білім алушыларға сілтеме жасау, өзгенің еңбегін пайдалану, оны рәсімдеуге мән беруді үйретуге;
- оқытушы берген тапсырмаларды орындау барысында академиялық адалдықты сақтау туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізуге;
- академиялық адалдыққа нұқсан келтіретін кез-келген іс-әрекетке/әрекетсіздікке қарсы тұруға;
- өзіне мәлім болған академиялық адалдықты бұзу фактілері туралы университет басшылығына, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке хабарлауға;
- өз жұмыс тәжірибесіне академиялық адалдық қағидаларын ілгерілетуге ықпал етуге;
- білім алушының тұрақты дамуы мен әдептілікке негізделген интеллектуалды оқытуға жағдай жасауға;
- академиялық адалдықты ілгерілетуге қатысты семинарлар, іс-шаралар мен практикалық сабақтарға қатысуға.

7.5. Факультеттер/ жоғары мектептер мен ұйымдық құрылым басшылары міндетті:

Факультеттер/ жоғары мектептер мен ұйымдық құрылым басшылары міндетті:

- осы Қағида нормаларын түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- өз құзіреттілігі шегінде академиялық адалдық қағидаларының сақталуы бойынша жұмысты үйлестіру;
- академиялық адалдық қағидаларының сақталуын бақылау;
- білім алушыларды семестрдің алғашқы оқу аптасында (шолу аптасы) Академиялық адалдық қағидасымен қол қойғыза отырып, таныстыру.

Басқарма мүшелері, факультеттер/ жоғары мектеп декандары мен ұйымдық құрылымдар жетекшілері білім беру процесі қатысушыларының академиялық адалдықты сақтауын өз құзіреті шегінде бақылауды және мониторингтеуді іске асырады.

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ ҚР ғылым және жоғары білім министрлігі	Сапа менеджменті жүйесі Академиялық адалдық қағидалары	СМЖ ОҚУ К 7.20-2022 Нұсқа 02 15 беттің 8 беті
--	--	--

8. Академиялық адалдықтың бұзушылық түрлері

Академиялық адалдықтың бұзушылық түрлеріне жатады:

1) Плагиат- басқа дереккөздердегі материалдарды авторды растамай немесе қайнар көзді көрсетпей идеялар мен сөздерді қасақана немесе абайсызда, толық немесе ішнара пайдалану.

Плагиат келесі нысандарда көрініс табуы мүмкін:

- дереккөздерді сәйкес тыныс белгілерді пайдаланбай (жақша) және / немесе дереккөзді көрсетпей дәйектеу;
- дереккөзді көрсетпей дереккөзді өзгертіп айту;
- біреудің идеясын немесе дәлелдерін авторға сілтеме көрсетпей пайдалану;
- толық немесе ішнара өзге адаммен немесе өзге білім алушымен жазылған жазбаша жұмысты ұсыну;
- Интернеттен алынған курстық/дипломдық жұмысты ұсыну;
- басқа курсқа арналған тапсырма ретінде орындалған курстық жұмысты ұсыну;

2) Сөз байласу:

- бағаланатын кез-келген жұмысты басқа қатысушы үшін орындау;

3) Алдау:

- бағаланатын жұмысты басқа білім алушыдан көшіру;
- осыған дейін бағаланған жұмысты қайталау, қайта ұсыну, тапсыру;
- бағаланатын жұмысты орындамаған жағдайда, уақытылы орындамаған жағдайда жалған сылтаулар айту;
- басқа білім алушыларға саналы түрде көмек беру: оған өзінің бағаланатын жұмысынан көшіріп алуға мүмкіндік беру, тұспалдап айту, алдау парағын, оқулықтарды және т.б. пайдалану;
- өзгенің бағаланатын жұмысын өзінің жұмысы ретінде ұсыну.

4) Бағаланатын жұмыстағы мәліметтерді, бағаны бұрмалау:

- тапсырма жауаптары нәтижесін, бағаны заңсыз бұрмалау;
- жазбаша бақылау жұмыстары бағасын негізсіз көтермелеу;
- өзге білім алушының бағаланатын жұмысын қасақана бұрмалау немесе жою;
- лайықсыз баға алуға қасақана ұмтылу;
- қандай да бір артықшылықтар алу мақсатында дәлелді себепсіз бағаланатын күні келмеу;

5) Бағаланатын жұмыстардың жауаптарын заңсыз жолмен иемдену:

- бағаланатын жұмысты орындау барысында дұрыс жауаптарын беру;
- өз жұмысы ретінде ұсыну үшін бағаланатын жұмысты сатып алу немесе алудың басқа да жолдары (курстық, дипломдық жұмыстар, магистрлік диссертациялар және т.б)

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ ҚР ғылым және жоғары білім министрлігі	Сапа менеджменті жүйесі Академиялық адалдық қағидалары	СМЖ ОҚУ К 7.20-2022 Нұсқа 02 15 беттің 9 беті
--	--	---

• дайын бағаланатын жұмысты сату және/немесе сатып алуға көмектесудің өзге де жолдары.

б) Ақпараттар мен құрылғыларды құқыққа қайшы қолдану:

- бағаланатын бақылау жұмыстарын орындау, тестілеу барысында электронды, цифрлық, қағаз жеткізгіштер, техникалық құрылғылардағы ақпараттарды заңсыз пайдалану;

- бағаланатын жұмыстың кез-келген жауаптарын электронды почтадан, компьютерден, және т.б жүктеуді қоса алғанда заңсыз жолдармен алу;

- педагог қызметкердің бағаланатын жұмысқа қатысы бар қағаз немесе электрондық жеткізгіштердегі мәліметтерін аудиториядан рұқсатсыз алып шығу және/немесе компьютерден рұқсатсыз көшіріп алу.

7) Аудиториялық сабақтарға қатыспау немесе тұрақты қатыспау;

8) Бағалау процесінде өзге білім алушыны немесе өзге жұмыскерді заңсыз алмастыру;

9) Бағалау процесінде бір білім алушының өзге білім алушыны алмастыруына мүмкіндік беру, жол беру;

10) Лауазымды немесе жауапты тұлға қолтаңбасын қою, мөрін басу, жалған құжат дайындау және өткізу;

11) Бағалау процесінде академиялық адалдыққа күдік келтіретін кез-келген тыйым салынған заттарды (телефон, шпоргалка, оқулық, наушник, т.б. электронды құрылғылар мен техникалар) пайдалану.

12) бағалау процесінде жұмыскерлер немесе өзге де тұлғалар тарапынан білім алушылар үшін негізсіз баға көтермелеу туралы ұсыныстар жасау.

Жоғарыда көрсетілген академиялық адалдықты бұзу түрлері қажеттілігіне қарай толықтырылуы мүмкін.

9. Процедуралар

Академиялық адалдыққа жат теріс қылық анықталуы мүмкін:

1) бағалау процесінде (аралық бақылау, емтихан тапсыру, практика есебін қорғау, курстық жұмыс, т.б.) ;

2) бағаланатын жұмыстың / ғылыми – зерттеу жұмысы нәтижесінің түпнұсқалылығын тексеру барысында;

3) қорытынды аттестациялау кезінде;

4) ғылыми және әдістемелік жұмыстарды орындау кезінде;

5) лауазымдық міндеттерді орындау кезінде;

6) мониторинг жүргізу барысында;

7) рұқсаттар мен келісім беру кезінде;

8) қызметтік тексеру жүргізу барысында және т.б.

9.1. Білім алушылардың бағаланатын жазбаша жұмыстарының барлық түрі (курстық, дипломдық жұмыстар/ жобалар, диссертациялар, жазбаша

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ ҚР ғылым және жоғары білім министрлігі	Сапа менеджменті жүйесі Академиялық адалдық қағидалары	СМЖ ОҚУ К 7.20-2022 Нұсқа 02 15 беттің 10 беті
--	--	--

емтихан жауаптары) түпнұсқалылығы деңгейін анықтауға тексеруден өтеді. Тексерудің тәртібі мен процедурасы университетпен анықталады.

9.2. Жұмыскерге немесе білім алушыға қатысты академиялық адалдыққа қайшы/қарсы/жат теріс қылық анықталған жағдайда академиялық адалдық қағидаларын бұзу туралы Акт толтырылады, актіге академиялық адалдықтың бұзылуын анықтаған тұлға немесе тұлғалар, теріс қылық жасаған жұмыскер/білім алушы қол қояды. Академиялық адалдықты бұзу туралы Акт толтырылғаннан кейін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке немесе құзіреті бойынша Басқарма мүшесіне беріледі.

9.3. Акт негізінде академиялық адалдыққа жат теріс қылық жасаған жұмыскер/білім алушыдан түсініктеме алынады, түсініктеме беруден бас тартқан жағдайда, бас тарту туралы акт толтырылады.

9.4. Бірінші проректор, құзіреті бойынша Басқарма мүшесі және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет мән-жайды зерделеп, Басқарма төрағасы-ректорға ұсынады. Қажет болған жағдайда өзге құрылымдардан қызметтік хат, мінездеме, өзге де мән-жайды нақтылайтын ақпараттар сұратылуы мүмкін.

9.5 Академиялық адалдыққа жат теріс қылық жасаған жұмыскер немесе білім алушы жазбаша түсініктемесінде өзінің осы теріс қылықты жасау фактісімен келіссе және шынайы өкінсе, жұмыс беруші/білім беру ұйымы басшысының қызметтік тексеру жүргізбей, мән-жайды Әдеп бойынша кеңеске шығармай ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс түрінде тәртіптік жаза қолдануға құқығы бар.

9.6. Басқарма-төрағасы ректор академиялық адалдықты бұзу фактісі бойынша қажет болған жағдайда қызметтік тексеру жүргізу туралы шешім қабылдай алады, қызметтік тексеру университеттің Қызметтік тексеру жүргізу тәртібі туралы қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

9.7. Жұмыскер немесе білім алушы өзінің жазбаша түсініктемесінде академиялық адалдыққа қайшы/қарсы/жат теріс қылық жасау фактісімен келіспесе немесе мән-жайды толық анықтап, алқалы түрде қарау қажет болғанда академиялық адалдықты бұзу фактісі Әдеп бойынша кеңес мәжілісінде қаралады.

9.8. Еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу және білім алушыны оқудан шығару түрінде тәртіптік жазалар қолданылуы мүмкін тәртіптік теріс қылықтар бойынша қызметтік тексеру жүргізу және Әдеп бойынша кеңес ұсынысының болуы міндетті.

9.9. Академиялық адалдықтың бұзылуына күдік келтірген ұйымдық құрылым жетекшісі, жұмыскер, білім алушы өзіне белгілі болған мән-жайды

Басқарма төрағасы-ректорға, Әдеп жөніндегі уәкілге немесе Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке өтініш, арыз, хабарлама, қызметтік хат нысандарында кідіріссіз хабарлауға міндетті. Хабарлаушы тұлға Ректор

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ ҚР ғылым және жоғары білім министрлігі	Сапа менеджменті жүйесі Академиялық адалдық қағидалары	СМЖ ОҚУ К 7.20-2022 Нұсқа 02 15 беттің 111 беті
--	--	---

блогы, Сенім телефоны, Сенім жәшігі, мессенджерлер, т.б. кері байланыс арналарын пайдалануға құқылы.

9.10. Қажет болған жағдайда академиялық адалдық қағидаларының бұзылуы университет аудиторияларындағы бейне камералар жазбаларын тексеру арқылы да анықталуы мүмкін.

9.11. Білім алушы тарапынан академиялық адалдықты бұзудың анықталған фактілері туралы мәліметтер оның транскриптіне енгізіледі және ол М.Әуезов атындағы ОҚУ-дан басқа жоғары оқу орнын ауыстырылған жағдайда сол оқу орнына міндетті түрде берілуі тиіс.

10. Академиялық адалдық қағидаларын бұзғаны үшін қолданылатын тәртіптік жаза түрлері

10.1 Жұмыскерлер үшін:

- 1) ескерту;
- 2) университет берген артықшылықтар/басымдықтардан айыру (КРІ, еңбек ақыға қосымша);
- 3) сөгіс;
- 4) қатаң сөгіс;
- 5) еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасымен бұзу;

10.2 Білім алушылар үшін:

- 1) ескерту;
- 2) университет берген артықшылықтар/басымдықтардан айыру (оқу ақысына жеңілдіктен айыру, жатақханадан шығару);
- 3) сөгіс;
- 4) қатаң сөгіс;
- 5) оқудан шығару;

11. Жауапкершілік

11.1. Академиялық адалдыққағидасының нормаларын білмеу негізді деп танылмайды және жауапкершіліктен босатпайды.

11.2. Академиялық адалдық қағидасының нормаларын бұзу сәйкес жауапкершілік жүктейді.

11.3. Лайықсыз академиялық мінез-құлқы себебінен еңбек шарты бұзылған оқытушылар мен қызметкерлер университетке қайтадан алынбайды.

11.4. Академиялық адалдықты бұзғаны үшін университеттен шығарылған білім алушылар М.Әуезов атындағы ОҚУ білім алушыларының контингентіне қайта қабылданбайды.

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ ҚР ғылым және жоғары білім министрлігі	Сапа менеджменті жүйесі Академиялық адалдық қағидалары	СМЖ ОҚУ К 7.20-2022 Нұсқа 02 15 беттің 12 беті
--	--	---

Қосымша А

М.Әуезов атындағы ОҚУ білім алушысының Академиялық адалдық кодексі

Мен, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің білім алушысы, елдің жоғары дәрежелі және жоғары адамгершілікті мамандар дайындау бағытындағы университет миссиясын іске асыруда өзімнің жауапкершілігімді сезіне отырып; университет қауымдастығының корпоративтік мәдениетін қолдауды және дамытуды, білім беру жүйесінің алдыңғы қатарлы мекемесі және Қазақстанның кәсіби мамандарын дайындау оралығы ретінде ретінде М.Әуезов атындағы ОҚУ имиджін сақтауды өзімнің міндетім деп санай отырып, осы М.Әуезов атындағы ОҚУ білім алушысының Академиялық адалдық кодексін қабылдаймын және оны сөзсіз сақтауға міндеттенемін.

Мен,

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын, М.Әуезов атындағы ОҚУ Әдеп кодексін, Академиялық адалдық қағидасын, ішкі тәртіп ережелерін және университеттің өзге де ішкі актілерін сақтауға;
- университет қоғамдастығында жоғары академиялық мәдениетті, сенімді ахуалды және өзара құрметті қолдауға жағдай жасауға, пайда болған келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешуге ұмтылуға, өзге білім алушыларға қатысты күш қолдануды болдырмауға;
- оқыту процесінде адалдыққа жат әрекетке, немқұрайлылыққа, әділетсіздікке жол бермеуге, білім алуда және бақылаудың барлық нысандарында адалдық танытуға;
- оқытушылармен, қызметкерлермен, университет әкімшілігі өкілдерімен қарым-қатынаста сыпайылық танытуға, оларға өзімшілдік қатынас, дөрекілік пен теріс қылық көрсетпеуге;
- университет абыройына, студенттік қоғамдастық беделіне зиян келтіретін іс-әрекеттен бас тартуға ант етемін.

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ ҚР ғылым және жоғары білім министрлігі	Сапа менеджменті жүйесі Академиялық адалдық қағидалары	СМЖ ОҚУ К 7.20-2022 Нұсқа 02 15 беттің 133 беті
--	--	--

Қосымша Б

Білім алушылардың тест, ауызша, жазбаша, шығармашылық емтихандағы жүріс-тұрыс

Қағидалары

1. Білім алушылар тест, ауызша, жазбаша, шығармашылық емтихандарға студенттік билет немесе жеке куәлігі болғанда ғана жіберіледі және емтиханға уақытылы келуге міндеттенеді.

2. Емтиханда ұялы телефон, құлаққап (наушник), флешка, смарт сағат, алдау парағы (шпаргалка) және өзге де ақпарат алмасушы құралдар қолдануға, және браузерде қосымша терезе ашуға тыйым салынады. Көрсетілген құралдар анықталған жағдайда Академиялық адалдық қағидасын бұзу туралы акт толтырылады, білім алушы емтиханнан шығарылады, емтихан нәтижесі жойылады. Білім алушы емтиханды ақылы негізде қайта тапсырады, ал қайта тапсыру кезінде академиялық адалдық ережелерін бұзғаны үшін акт толтырылса, білім алушы емтиханды жазғы семестрде ақылы түрде тапсыруға міндеттенеді.

3. Эстетикалық көрінісі жоқ (спорттық киім, сырт киім, бас киім және т.б) білім алушылар емтиханға жіберілмейді.

4. Емтихан өтетін аудиторияға спорттық үлгідегі сумкаларды, рюкзактарды, пакеттерді, көлемді сумкаларды, сырт киімді, кітап, жазба кітаптар, дәптерлер, анықтамалар, сөздікер және т.б алып кіруге болмайды.

5. Емтиханда сағыз шайнауға, тамақтануға, сөйлесуге, айтып тұруға, орын ауыстыруға, қажеттілік жоқ жағдайда аудиторияда жүруге, аудиториядан шығуға болмайды. Осы талаптар бұзылған жағдайда акт толтырылады, білім алушы емтиханнан шығарылады, емтихан нәтижесі жойылады. Білім алушы бұл емтиханды ақылы негізде қайта тапсырады.

6. Білім алушының әдеп стандарттарына қайшы жүріс-тұрысы орын алса (сөзге келу, дөрекілік, ескертуге құлақ аспау, жүріс-тұрыс ережелері талаптарына бағынғысы келмеу, университет қызметкеріне қол көтеру және т.б) сәйкес акт толтыралады, емтихан нәтижесі жойылады. Білім алушы бұл емтиханды ақылы негізде қайта тапсырады.

Басқарма төрағасы – ректорға Әдеп стандарттарын бұзған білім алушыға тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныс берілуі мүмкін.

Ұсыныс Әдеп жөніндегі уәкіл немесе Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет тарапынан беріледі.

7. Қажет болған жағдайда академиялық адалдық қағидаларының бұзылуы университет аудиторияларындағы бейне камералар жазбаларын тексеру арқылы да анықталуы мүмкін.

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ ҚР ғылым және жоғары білім министрлігі	Сапа менеджменті жүйесі Академиялық адалдық қағидалары	СМЖ ОҚУ К 7.20-2022 Нұсқа 02 15 беттің 14 беті
--	--	---

8. Білім алушы келесі техникалық және өзге де себептер бойынша емтиханның келесі күнінен кешіктірмей апелляциялық шағым бере алады:

- дұрыс жауаптың болмауы;
- жауап нұсқаларының жоқтығы;
- екі бірдей дұрыс жауаптың болуы;
- тапсырманың болмауы;
- тапсырманың оқылмауы.

9. Факультет/жоғары мектеп деканаттары білім алушыларды тест, ауызша, жазбаша, шығармашылық емтихандағы жүріс-тұрыс Қағидаларымен сессия басталғанға дейін қол қойғыза отырып, таныстыруды қамтамасыз етеді.

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ ҚР ғылым және жоғары білім министрлігі	Сапа менеджменті жүйесі Академиялық адалдық қағидалары	СМЖ ОҚУ К 7.20-2022 Нұсқа 02 15 беттің 155 беті
--	--	--

Қосымша В

**Академиялық адалдық қағидасын бұзу туралы
АКТ**

Оқу қызметінің түрі:	
Пән:	
Оқытушының АЖТ:	Білім алушының АЖТ: _____ _____
Курс _____ тобы _____	
<p>Күні: Аудитория: Уақыты: Академиялық адалдық қағидасын бұзуға сипаттама:</p> <p>Күзіретті оқытушының, қызметкердің немесе комиссияныңаты-жөні және қолы:</p> <p>1. _____ 202__ г.</p> <p>2. _____ 202__ г.</p>	
<p>Білім алушының қолы:</p> <p>_____</p> <p>_____ 202__ г.</p>	